

«№136 жалпы орта білім беретін мектебі» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнының 2025 жылдың 28-ші тамызы күні қазақ тілі мен әдебиеті әдістемелік пән бірлестік мүшелерінің қатысуымен болып өткен отырысының

№ 1 Хаттамасы

Қатысқандар – 16

Қатыспағандар-жоқ

Қаралды:

1. Өткен 2024-2025 оқу жылының қорытынды есебі.

ӘБ жетекшісі Битибаева Ғ.Е

2. Жаңа оқу жылына әдістемелік бірлестіктің мүшелерін, міндеттерін, жұмыс тақырыбын, жоспарын бекіту және мұғалімдердің сабақ жүктемесі туралы

ӘБ жетекшісі Битибаева Ғ.Е

3. Нормативтік құжаттармен, жаңа бағдарламалар және оқулықтармен танысу.

Жаңа 2025-2026 оқу жылында оқу процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері туралы нұсқаулық хатпен танысу.

«Адал азамат» Біртұтас тәрбие бағдарламасын кіріктірудің тиімді жолдары

ӘБ жетекшісі Битибаева Ғ.Е

4. Нөлдік бақылау жұмысын алу, қабілетті және үлгерімі төмен оқушылар тізімін нақтылау, жұмыс жоспарын бекіту

ӘБ жетекшісі Битибаева Ғ.Е

5. Күнтізбелік және элективті курстарға арналған бағдарламаларды талқылау, бекіту.

ӘБ жетекшісі Битибаева Ғ.Е

6. Жаңа оқу жылына дайындық барысы, ашық сабақтарды жоспарлау, кестесін жасау.

ӘБ жетекшісі Битибаева Ғ.Е

7. Біліктілік арттыру курстарынан өтетін мұғалімдерді анықтау, кестесін жасау.

ӘБ жетекшісі Битибаева Ғ.Е

8. Lesson Study зерттеу сабақтарын жоспарлау

Пән мұғалімдері

9. Әр түрлі мәселелер.

Тыңдалды

1. Алғашқы сөз кезегін ӘБ жетекшісі Ғ.Битибаева алып, бірлестік мүшелерін жаңа оқу жылымен құттықтап, 2024-2025 оқу жылы бойынша әдістемелік жұмыстардың қорытындысын баяндады. 2024-2025 оқу жылында қазақ тілі мен әдебиеті пәні бірлестігі «Жаңартылған білім беру аясында тиімді әдістерді пайдалана отырып, шығармашыл тұлғаны қалыптастыру» тақырыбында жұмыс атқарды. Әдістемелік бірлестіктің аталған тақырыптағы жоспарланған жылдық жұмысы өз деңгейінде орындалды. Жоспар бойынша әр іс-шара өз уақытында орындалып, хаттамалары жазылып, сыныптан тыс іс-шаралар желіге жүктеліп отырылды.

2025-2026 оқу жылында бірлестік мүшелерінің қатысуымен өтетін отырыс саны-5. Отырыс жоспарлары мен жылдық жоспар жасалынып бекітілді. Оқу жылының басында әдістемелік отырыстың мәжілісі болып, мұғалімдердің сағат жүктемелері анықталынды. Пән бойынша күнтізбелік-тақырыптық жоспарлар жасалынып, талқыланып бекітілді.

Пән мұғалімдері өткен оқу жылындағы жұмыстарына толықтай есеп берді. Өздеріне бекітілген жүктемені уақытымен орындағандарын атап көрсетті. Қазіргі таңда бірлестікте он алты пән мұғалімдері жұмыс атқаруда. Барлығы жоғары білімді, оның ішінде педагог-зерттеуші – 5, педагог-сарапшы – 2, модератор-7 санатсыз-2 мұғалім.

Екінші мәселе бойынша жаңа оқу жылына әдістемелік бірлестіктің мүшелерін, міндеттерін, жоспарын бекіту және мұғалімдердің сабақ жүктемесі туралы сөз қозғалды.

2025-2026 оқу жылында бірлестіктің жылдық жоспары, отырыс жоспары талқыланып, атқарылатын іс-шара жұмыстары қаралды. Жаңа оқу жылында бірлестіктің атқаратын жұмыс тақырыбы төмендегідей болып бекітілді.

Тақырыбы:

"Қазақ тілі мен әдебиетін дамыту: Ұлттық мәдениет пен білімнің негізі"

Мақсаты:

1. Тілдік дағдыларды жетілдіру: Оқушылардың қазақ тілінде сөйлеу, жазу, тыңдау және оқу дағдыларын дамыту.
2. Әдебиетке қызығушылықты арттыру: Оқушылардың қазақ әдебиетіне деген қызығушылығын ояту, әдеби шығармаларды талдау және түсіну қабілеттерін дамыту.
3. Ұлттық мәдениетті насихаттау: Қазақ тілінің байлығын, әдебиетінің тарихын және мәдениетін оқушыларға таныстыру.
4. Креативті ойлауды дамыту: Оқушылардың шығармашылық қабілеттерін дамыту, әдеби шығармашылық жұмыстар ұйымдастыру.
5. Интерактивті оқыту әдістерін енгізу: Заманауи әдіс-тәсілдерді пайдалана отырып, оқыту үдерісін қызықты, әрі тиімді ету.
6. Тілдік мәдениетті қалыптастыру: Оқушылардың тілдік мәдениетін, этикалық нормаларын және әлеуметтік жауапкершілігін дамыту.
7. Білім алушылардың жетістіктерін бағалау: Оқушылардың оқу жетістіктерін мониторинг жасап, олардың дамуын бақылау.

Жоспардың негізгі бағыттары:

- Оқу бағдарламаларын талдау және жетілдіру.
- Тілдік пәндер бойынша семинарлар, іс-шаралар ұйымдастыру.
- Әдеби кештер, конкурстар өткізу.

Тамыз айындағы педагогикалық кеңестің шешімін ескере отырып, биылғы 2025-2026 оқу жылындағы «Ұзақ мерзімді», «Қысқа мерзімді» жоспарларының қалай жасалуын талқылап, бір шешімге келіп, бекітті, яғни электронды болып келісілді. Мұғалімдердің күнтізбелік тақырыптық сабақ жоспарларының бағдарламаларын бекітіру мақсатында әрбір мұғалімнің сабақ жүктемесіне сәйкес құрастырылған ұзақ мерзімді жоспарлары қарастырылды. Кемшіліксіз талапқа сай екендігі анықталды. Биылғы оқу жылындағы мұғалімдердің сағат жүктемелері төмендегідей болып бекітілді.

Қазақ тілі пән бірлестігінің жүктеме сағаттары 2025-2026 оқу жылы

	Пән мұғалімдерінің аты-жөні	Үйде оқыту	Факультативте р	Сағат саны	Сыныптары
1	Сейлова Маржан Даутовна		7 В-1, 7 Г-1	20	5 Г -5, 5Ж -5, 7 В-4, 7 Г-4
2	Садыбекова Перизат Исабековна			23	5 А-5, 5 Ә-5, 5 Ғ-5, 7 Б-4, 7 Ғ-4
3	Тажибаева Сандугаш Асилбековна	6 А -2 сағ		22	11 А(3с) 11Г (3с) 8А(4с) 10 Г-3, 10 Б— 4, 10 В-3
4	Битибаева Ғалия		8 Е-1	24	10А-4с, 10Д-3, 9 А-4с, 9 Б-4 с, 9Г - 4с, 9В-4с
5	Назарбаева Қ	8 Б-2 әдеб		23	8 Б-4, 8 Ә-4, 8 Д-4, 10 Ғ-4, 11 Б-5
6	Берденов А	6 Б-4 сағ жалпы бағд		20	9Ғ (4) 9 Ә (4) 10 Ә-4, 8 В-4
7	Тенизбаева Дана Жалгасовна		8А, Ә, Б, В, Г, Ғ, Д, Е, Ж-0, 5-4, 5сағ	21,5	9 Д (4с) 11 Ә (5) 11В(5с) 11 Ғ (3с)
8	Исакова Гауһар Токтасыновна	7 Б-4	6 сын жаһ-4, 5 7Ғ, 7Д, 7 Е-3	21,5 сағат	6 Ғ-5, 5 И-5
9	Бекбаева Индира			20	8Г-4, 8 Ғ-4, 8Ж-4, 8 Е-4 с 9 Е-4
10	Данакабаева Мая			19	6 Г-5, 6 Е-5 , 7 Д-4с, 5 В-5
11	Каримсаков Асанәлі	6 Ж-3 жең бағд		22	6 А -5, 6 Ә -5, 6Ж -5, 7 Ә -4
12	Үмбет Манзура Серікбаевна		7 А, Ә, Б -3 фак	8	6 Б -5,
13	Исакова Мөлдір	5 Б-3 сағ жең бағд 6 А-2	8 Г, Ғ, Д, Ж-4	19	5 Б-5, 5 Е-5,
14	Ибрагимов Бахит Алимханович		8 А, Ә, Б, В-4	8	7Е -4
15	Азимова Меруерт	8 Б-2 қаз т		21	6 В -5, 5Д-5, 6 Д -5, 7А-4

16	Қарсыбайқызы А	5 В-4,5 -4,6 Ә-4		17	5 3 - 5
----	----------------	------------------	--	----	---------

Күн тәртібіндегі үшінші мәселе бойынша нормативтік құжаттар мен жаңа бағдарламалар және оқулықтармен танысу туралы мұғалімдер назарына жаңа 2025-2026 оқу жылында оқу процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері туралы нұсқаулық хат таныстырылды.

Үлгілік оқу жоспарын таңдау 2025 жылдың 26 тамыздағы Педагогикалық кеңесте қарастырылды. Оқу жоспарын жоспарлау барысында мектептің жаңа оқу жылындағы мақсат, міндеттер ескерілді.

2025-2026 оқу жылында білім беруді ұйымдастыру келесі міндеттерге басымдық беру жоспарланды:

-құндылыққа бағдарланған, құзыреттілік STEAM\STEAM педагогикалық тәсілдерді іске асыру, пәндерді оқытуда функционалдық сауаттылықты(оқу және жазу сауаттылығы математикалық, ғылыми жаратылыстану сауаттылығы)қалыптастыру;

Пәндік, метапәндік және түйінді құзыреттерді арттыру;

Цифрлық құзыреттер мен дағдыларды дамытуды жүзеге асыру көзделуде.

Оқыту процесі келесі нормативтік құжаттар негізінде жүзеге асырылады.

5-9 сыныптарға Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2023 жылғы 26 қазандағы №323 бұйрығының 16-қосымшасы, 23-қосымшасы және 131-қосымшасы оқыту қазақ тілінде жүргізілетін сыныптарға арналған негізгі орта білім берудің төмендетілген үлгілік оқу жоспары таңдалды.

Келесі мәселе бойынша мұғалімдерге «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасы: құндылықтар және оны іске асыру туралы түсіндірме жұмысы жүргізілді.

«Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасы ҚМЖ-ға (қысқа мерзімді жоспарға) кіріктіру үшін оны сабақтың мақсаттарымен, әдістерімен және күтілетін нәтижелерімен үйлестіру қажет. Бұл тәрбие жұмысының барлық білім беру үдерісімен тығыз байланыста болуын қамтамасыз етеді.

«Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламаны ҚМЖ-ға кіріктіру жолдары:

1. Сабақтың мақсатына сәйкестендіру

Тек академиялық білімді емес, оқушылардың құндылықтарын, тұлғалық дамуын, әлеуметтік және эмоционалды интеллектін қалыптастыруды мақсат етіңіз.

2. Құндылықтарды сабақ мазмұнына енгізу

Қазақстандық патриотизм, еңбексүйгіштік, адалдық, жауапкершілік, құрмет сияқты құндылықтарды пәнаралық байланыс арқылы сабаққа кіріктіру.

3. Тәрбие бағытын әдістермен байланыстыру

Жобалық жұмыс, топтық талқылау, жағдайлық тапсырмалар (кейстер) арқылы оқушылардың бойында адамгершілік, жауапкершілік, көшбасшылық қасиеттерін дамыту.

Рөлдік ойындар мен дебаттарды қолдану.

4. Бағалау критерийлеріне енгізу

Тек пәндік нәтижелерді емес, оқушылардың ынтымақтастық, шығармашылық, тәртіптілік дағдыларын бағалау.

Мысалы, эссе жазу кезінде «өз көзқарасын дәлелдей білу» және «пікірталас мәдениеті» критерийлерін қосу.

5. Рефлексия мен кері байланыс

Сабақ соңында оқушылардың алған білімін өмірмен байланыстыруға мүмкіндік беру.

«Бүгінгі сабақтан қандай құндылықтарды үйрендің?» деген сұрақтар қою.

Осылайша, біртұтас тәрбие ҚМЖ-ға енгізілсе, оқушылар тек білім алып қана қоймай, жан-жақты дамыған, рухани-адамгершілік қасиеттері жоғары тұлға болып қалыптасады.

Күн тәртібіндегі төртінші мәселе бойынша жаңа оқу жылы басында 5-11 сынып оқушыларынан нөлдік бақылау жұмысын алу, білім алушылардың үлгерім қорытындысын бақылап, сыныптағы қабілетті және үлгерімі төмен оқушылар тізімін нақтылап, сол оқушылармен жүргізілетін жұмыс жоспарын бекіту туралы түсіндірме жұмыстары айтылды.

5. Күнтізбелік және элективті курстарға арналған бағдарламаларды талқылау, бекіту. Вариативтік компонент есебінен берілген элективті курстарды таңдау барысында білім алушылардың бейінді оқу пәндерінің бірін, оның бөлімін меңгерудің жоғары деңгейін қамтамасыз ету, пәнаралық негізде оқу пәндерін игеру және базалық оқу пәндерінің біреуін меңгерудің неғұрлым жоғары деңгейін қамтамасыз ету, іс жүзінде маңызды мәселелерді шешу үшін іс-әрекеттің дағдылары мен әдістерін қалыптастыру, кәсіптік бағдар беру жұмысының үздіксіздігін қамтамасыз ету танымдық қызығушылықтарды қанағаттандыру талаптарына сай сүйеніп сараланды. 7,8-сыныптарға «қазақ тілі (таңдау)» пәні және жаһандық құзыреттілік бойынша элективті курсы бөлінді. Әр сыныпқа аптасына 1 сағаттан таңдау пәні, жаһандық құзыреттілік аптасына 0,5 сағаттан пән мұғалімдеріне бөлініп берілді.

6. Оқу жылы ағымындағы пән апталығының өткізу кестесімен таныстыру

Биылғы оқу жылының II жартыжылдығында қазақ тілі мен әдебиеті пән онкүндігі 2026 ж. 2 қыркүйектегі №225 бұйрығымен онкүндік пән апталық кестесі 12.01.2026ж-23.01.2026 ж аралығында өтетіндігі айтылды.

7. Біліктілік арттыру курстарынан өтетін мұғалімдерді анықтау, кестесін жасау.

Күн тәртібінде келесі мәселе бойынша педагог қызметкерлерді аттестаттау ережесімен таныстыру. Шымкент қаласының білім басқармасы ҚР Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 27 қаңтардағы №83 бұйрығындағы 2 тарау 2 параграфтегі «Бастауыш, негізгі орта және жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын және арнайы оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарында жұмыс істейтін педагог қызметкерлер мен оларға теңестірілген тұлғаларды аттестаттаудан өткізу тәртібі мен шарттары» аттестаттаудан өтетін мұғалімдерге таныстыру жұмысы жүргізілді.

Кезекті Ұлттық біліктілік тестілеуі электрондық форматта (компьютерлік тестілеу) өткізіледі. Ұлттық біліктілік тестілеудің электрондық форматы толық ақпарат қосымша түрде жолданатындығы айтылды.

2025-2026 оқу жылында қазақ тілі мен әдебиеті пәні бірлестігінен екі апталық пән бойынша біліктілігін арттыру курсынан 5 пән мұғалімдері өтетіндігі айтылды. Ағымдағы жылы курстан өту Битибаева Ғ, Қарсыбайқызы А, Каримсаков А, Данакабаева М, Исакова М мұғалімдерінің сұраныс жазып, курстан өту керектігі ескертілді.

2025-2026 оқу жылында «Lesson study» сабақты зерттеу тәсілі мектепте «Lesson study» тәсілін пайдалануда деңгейлеп, саралап оқыту технологиясының тиімділігі» тақырыбы бойынша мұғалімдердің оқушыларды зерттеуге, қызығушылығын арттыруға, білім сапасын көтеруге, мұғалімдердің кәсіби деңгейін жоғарылатуға, бірлесіп жұмыс жасауға мүмкіндік беретін педагогикалық тәсілді қолдану арқылы жұмыстар жүргізіледі.

Сөз соңында ӘБ жетекшісі әртүрлі мәселелер бойынша қазақ тілі мен әдебиеті оқу бөлмелерін жаңа оқу жылына даярлау, кабинет жоспарын түзу, дидактикалық материалдар санын көбейту, оны сабақтарында тиімді пайдалану керектігі туралы сөз қозғады.

Жоғарыдағы мәселелерді талқылай келе, мәжіліс мынадай шешім етеді.

Шешім:

1. 2024-2025 оқу жылындағы атқарылған жұмыстар қанағаттанарлық деп табылсын;
2. 2025-2026 Әдістемелік нұсқау хаты талқыланып орындалсын, оқу жылының міндеттерімен бірлестік мүшелері толық таныстырылып, міндеттер орындалуына мақсат көзделсін;
3. 2025-2026 оқу жылының жылдық жоспары талданып, пед жүктемесі бөлініп, әдістемелік жұмыс жоспары бекітілсін;
4. Мұғалімдердің жылдық жүктемесіне қарай бағдарламалар талқыланып, жасалынған күнтізбелік жоспар қаралып, бекітуге жіберілсін;
5. 5-11 сынып оқушыларынан нөлдік бақылау жұмысын алу қолға алынып, қабілетті және үлгерімі төмен оқушылармен жүргізілетін жұмыс жоспары бекітілсін.
6. Оқу жылы ағымындағы пән апталықтарының өткізу кестесімен таныстырып дайындық жұмыстары жүргізілсін;
7. «Адал азамат» Біртұтас тәрбие бағдарламасы: құндылықтар және оны іске асыру туралы түсіндірме жұмысы таныстырылды деп есептелініп, бағдарламаны күнделікті сабақ жоспарына енгізу қолға алынсын.
8. Аттестациялаудан өтетін мұғалімнің құжаттары толықтырылсын; біліктілік курсына жоғарыдағы аталған мұғалімдер жіберілсін.
9. Lesson Study зерттеу сабақтарын жоспарлансын.
10. Қалалық, облыстық көлемдегі өткізілетін әр түрлі байқауларға оқушыны дайындап, қатыстырылсын;
11. Мұғалімдер сабақтарында оқытудың жаңа әдістерін пайдалана отырып, тиімді және әртүрлі қызмет түрлерін (телеуроктар, интернет-платформалар арқылы сабақтар, өзіндік жұмыс, чат-сабақтар, ЖИ және т.б.), қолжетімді ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдана отырып білім беру жолға қойылсын.

ӘБ жетекшісі:  Битибаева Ғ.

Жиналыс хатшысы:  Азимова М